

**"Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну" мемлекеттік қызмет регламентін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Павлодар облысы Ақтоғай аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 11 желтоқсандағы N 339 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 14 қаңтарда N 3333 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақтоғай аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 20 маусымдағы N 142 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақтоғай аудандық әкімдігінің 20.06.2013 N 142 қаулысымен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і :**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148-ІІ "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы "Әкімшілік рәсімдер туралы" Заңының 9-1 бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі N 745 "Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы" Қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 қаңтардағы N 51 "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну" мемлекеттік қызмет стандартын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Ақтоғай ауданының әкімдігі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну" мемлекеттік қызмет регламенті **бекітілсін.**

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына **жүктелсін.**

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Ж. Қожанов*

Павлодар облысы Ақтоғай ауданы  
әкімдігінің 2012 жылғы 11  
желтоқсандағы N 339 қаулысымен  
бекітілді

**"Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну" мемлекеттік қызмет көрсету регламенті**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Мемлекеттік қызметтің атауы: "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну".

2. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 қаңтардағы N 51 қаулысымен бекітілген "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну" мемлекеттік қызмет стандарты (бұдан әрі - Стандарт) негізінде көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет "Ақтоғай ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесімен ұсынылады (бұдан әрі-Уәкілетті орган), Павлодар облысы Ақтоғай ауылы Абай көшесі 75, телефон (8-718-41) 21-5-53, мекенжайы бойынша демалыс пен мереке күндерін қоспағанда аптасына бес күн сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін ұсынылады, электронды менен-жайы: akteconom@mail.ru.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көтерме жәрдемақы және бюджеттік кредит түріндегі әлеуметтік қолдау шаралары, немесе қызмет ұсынадан бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына: қалаларда және өзге де елді мекендерде тұрып жатқан және ауылдық елді мекендерде жұмыс істеуге және тұруға тілек білдірген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандықтары бойынша жоғары және жоғарыдан кейінгі,

техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білім беру ұйымдарының түлектеріне, сондай-ақ көрсетілген білімі бар мамандарға (бұдан әрі – Тұтынушылар) ұ с ы н ы л а д ы .

7. Мемлекеттік қызмет мынадай мерзімде ұсынылады:

1) тұтынушы қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап: күнтізбелік отыз тоғыз күн ішінде көтерме жәрдемақы төленеді; күнтізбелік отыз екі күн ішінде нысан бойынша Келісім жасасу рәсімі жүзеге асырылады және Келісім жасалғаннан кейін отыз жұмыс күні ішінде тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін бюджеттік кредит ұсынылады;

Өтініш берген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алуға дейін күтудің ең жоғарғы шекті уақыты - он минуттан аспайды;

Өтініш берген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті пайдаланушыға қызмет көрсетудің ең көп уақыты - отыз минуттан аспайды.

8. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

## **2. Мемлекеттік қызметтік көрсету үдерісінде іс-әрекет тәртібінің сипаттамасы**

9. Осы мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушы Стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттар тізбесін тапсыру қажет.

Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі: барлық қажетті құжаттарды тапсырғаннан кейін тұтынушыға тіркелген және мемлекеттік қызметті алу уақыты, және құжаттарды қабылдаған жауапты тұлғанының тегі, аты-жөні көрсетілген талон беріледі.

10. Мемлекеттік қызметті көрсетуден Стандарттың 16-тармағында көрсетілген жағдайда бас тартады.

11. Уәкілетті органының қызметі адамның конституциялық құқықтарын, қызметтік борышын атқару кезінде заңдылықты сақтау, барынша толық ақпарат беру, оның сақталуын, қорғалуын және құпиялылығын қамтамасыз ету қағида ттарына негізделеді.

12. Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісі кезінде мынадай құрылымдық-функционалды бірліктер (бұдан әрі - Бірлік) қатыстырылған:

- 1) Уәкілетті органның маманы;
- 2) Уәкілетті органның бастығы;
- 3) аудан әкімі аппаратының маманы;
- 4) аудан әкімі аппаратының басшысы;
- 5) аудан әкімдігі;
- 6) сенім білдірілген өкілдің (агенттің) өкілі;
- 7) сенім білдірілген өкілдің (агенттің) бастығы.

13. Бірліктердің әрекетінің сипаттамасы осы регламенттің 1, 2 қосымшаларында көрсетілген.

14. Бірліктердің іс-қимыл реттінің логикалық сұлбасы осы регламенттің 3, 4 қосымшаларында көрсетілген.

### 3. Мемлекеттік қызметті көрсететін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі

15. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібін бұзған лауазымды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамалары бойынша жауапқа тартылады.

2012 жылғы 11 желтоқсандағы N 339 "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну" мемлекеттік қызмет регламентіне 1 қосымша

### Көтермеақы жәрдемақысын ұсыну кезіндегі бірліктердің әрекетінің сипаттамасы

Негізгі үдерістің (жүріс, жұмыс ағыны) әрекеттері						
1	Әрекет N (жүрістің, жұмыс ағынының)	1	2	3	4	5
2	Бірліктердің атауы	Уәкілетті органның маманы	Уәкілетті органның бастығы	Әлеуметтік көмек шараларын ұсыну туралы комиссия	Уәкілетті органның маманы	Аудан әкімдігі
3	Әрекеттің (процестің, процедураның, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Тұтынушыдан қажетті	Қаржы қаражаттарының қажеттілігін есептеуді жүргізеді, Тұтынушымен ұсынылған	Тұтынушымен ұсынылған құжаттарды қарайды, әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну не	Әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы аудан әкімдігі қаулысының	Әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы

		құжаттарды қабылдайды, қолхат береді	құжаттар пакетін комиссияға жібереді	ұсынудан бас тарту туралы шешім қабылдайды	жобасын дайындайды және келіседі	қаулы қабылдайды
4	Аяқталу нысаны (мәліметтер, құжат, ұйымдастырушылық-өкімдік шешімі)	Қолхат	Әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну не ұсынудан бас тарту туралы шешім	Әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну не ұсынудан бас тарту туралы шешім	Әлеуметтік қолдау шарасын ұсыну туралы аудан әкімдігі қаулысының жобасы	Әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы қаулы
5	Орындау мерзімі	30 минуттан аспайды	5 күнтізбелік күн	10 күнтізбелік күн	2 күнтізбелік күн	10 күнтізбелік күн
6	Келесі әрекеттің нөмірі	2	3	4	5	6

2012 жылғы 11 желтоқсандағы N 339

"Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну" мемлекеттік қызмет регламентіне 2 қосымша

### Тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит ұсыну кезіндегі бірліктердің әрекетінің сипаттамасы


Негізгі үдерістің (жүріс, жұмыс ағыны) әрекеттері						
1	Әрекет N (жүрістің, жұмыс ағынының)	1	2	3	4	5
2	Бірліктердің атауы	Уәкілетті органның маманы	Уәкілетті органның бастығы	Әлеуметтік көмек шараларын ұсыну туралы комиссия	Уәкілетті органның маманы	Аудан әкімдігі
			Қаржы қаражаттарының қажеттілігін	Тұтынушымен ұсынылған құжаттарды	Әлеуметтік қолдау шараларын	

3	Әрекеттің (процестің, процедураның, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Тұтынушыдан қажетті құжаттарды қабылдайды, қолхат береді	есептеуді жүргізеді, тұтынушымен ұсынылған құжаттар пакетін комиссияға жібереді	қарайды, әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну не ұсынудан бас тарту туралы шешім қабылдайды	ұсыну туралы аудан әкімдігі қаулысының жобасын дайындайды және келіседі	Әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы қаулы қабылдайды
4	Аяқталу нысаны (мәліметтер, құжат, ұйымдастырушылық-өкімдік шешімі)	Қолхат	Құжаттар пакеті	Әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну не ұсынудан бас тарту туралы шешім	Әлеуметтік қолдау шарасын ұсыну туралы аудан әкімдігі қаулысының жобасы	Әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы қаулы
5	Орындау мерзімі	30 минуттан аспайды	5 күнтізбелік күн	10 күнтізбелік күн	2 күнтізбелік күн	5 күнтізбелік күн
6	Келесі әрекеттің нөмірі	2	3	4	5	6

2012 жылғы 11 желтоқсандағы N 339

"Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну" мемлекеттік қызмет регламентіне  
3 қосымша

**Көтермеақы жәрдемақысын ұсыну үшін мемлекеттік қызметті ұсыну үдерісінің сызбасы**



2012 жылғы 11 желтоқсандағы N 339  
 "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну" мемлекеттік қызмет регламентіне  
 4 қосымша

## Тұрғын үй сатып алуға не салуға бюджеттік кредит ұсыну кезінде ұсынылатын мемлекеттік қызмет үдерісінің сызбасы

